

Еділ—Дон жыры

Сонау баста қосылғысы келгендей
Бір-біріне жақындапты Еділ-Дон;
Екі досты қастандықпен бөлгендей
Арасына жата қапты құба жон.
Көп ынтығып, қосыла алмай шаршапты;
Бірін Каспий, бірін Азов қарсы апты.

Терең бір күй есіп екі өзеннен,
Арна толы арман ақты жосылып;
Соны жырлап келе жатты ежелден
Ұлы орыстың ұрпақтары қосылып.
Көп жырланды Еділ жайлы, Дон жайлы.
Мол арманға жатты ұласып мол қайғы.

Қосамын деп Еділ мен Дон арасын,
Шықты талай өжет ұлы орыстың;
Мешеу заман көрсетті өз шамасын,
Бетіне тік қарай алмай зор істің.
Еділ мен Дон арасында қуарған
Құба жонда жатты ыңырсып бұл арман.

Дүбірлетіп Еділде де, Днепрде,
Сан жауының таптап өткен камалын,
Құдіретті ауыр қолмен Петр де
Көрді қазып Еділ мен Дон каналын:
Құйындай боп бұрқыраған шөлдегі,
Өтті-кетті, еш болып сол еңбегі.

Жаңа әлемнің күніндей боп маңдайы,
Шықты Ленин дүниенің төріне.
Жер мен ғасыр, қыйыры мен шалғайы
Көрінді оған — ойпаты да, өрі де.
Шақырып ап Сталинін жанына,
Көп сырласты — халықтардың бағына.

Сонау күннен бүгінгіні көрді олар,
Қойды жасап коммунизм жоспарын;
Көрген Ленин бүгінгі алып адамдар

Еділ мен Дон екі арасын қосқанын,
Бұл міндетті Ленин сонда-ақ жүктеген,
Ұлы Сталин орындауға серт берген.

— Еш қамал жоқ большевиктер алмайтын!
Деді Сталин,— дұрыс! — дедік бәріміз.
Бізге көнбес қандай тылсым, қандай тың?
Кереметін көрейікші, кәні, біз.
Деп қозғалды сталиншіл халқымыз
Техникамыз өсті бейне даңқымыз.

Бұл табиғат иесіне кез келмей,
Тағылықпен такаббарсып кетіпті;
Жайлай түлеп жатып апты өзгермей,
Заманалар көрген түстей өтіпті.
Тұр орныңнан тұраламай, табиғат!
Дұрысқа кел, олай жатпа, былай жат.

Талай ғасыр қосыла алмай Еділ-Дон,
Арна толы арман болып жатты ағып;
Қас тағдырдай қасарысқан шөлейт жон
Өзінің жат қылығына мақтанып,
Тәңірлердің тыңдамаған бұйрығын;
Көрсін енді біздің заман қыймылын!

Ұлы Сталин айтты — болды, сөз қысқа.
Сталинше жапыра біл жауыңды!
Шықты ерлер, соғысқа емес, ырысқа,
Тік көтеріп әкеткендей тауыңды.
Келе жатыр эксковатор, бульдозер,
Шақ көтеріп қайысқандай мүлде жер.

Эксковатор салды келіп азуды,
Ашыққандай асап-асап алды бір;
Көрсетті кеп қалай-қалай қазуды,
Қақ айрылып қалың қыртыс қалды қыр.
Шымырлаған болар жердің құйқасы,
Шыққан кезде жонның ұйпа-тұйпасы.

Қуанған жұрт тартты ырыс өзегін,
Канал бойын бау-бақшамен көмкеріп,—
Қосты ақыры екі жайқын өзенін.
Сталинше тастадық бір төңкеріп.
Біз көрсеткен жөнімізбен ағуға
Көнер енді Ақ жайық пен Аму да.

Екі өзеннің толқындары алқына
Құшақтасты, мөлдір жастар кетті ыршып;
Андыздады салқын сулар сарқырап,
Қуаң дала өсімдігі тыпыршып.
Орнады көл орындалған армандай;
— Уһ! деді шөл, сусыны бір қанғандай.

Каспий, Балтық, Қара теңіз Ақ теңіз
Басын қосты осы канал тойында.
Көпті көрген, бурыл сақал, қарт теңіз,
Жас каналдың ақылды ісін мойында.
Ұлы Ленин атындағы каналда
«Иосиф Сталин» теплоходы жүзді алға!